

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Үй жануарларын мүсіндеу «Қозы»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
21.11.2020

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/85455/>

**«Айналайын» топқа ұйымдастырылған оқу іс — әрекетінің технологиялық картасы.**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент

**Бөлімдері:** «Шебер қолдар»

**Тақырыбы:** Үй жануарларын мүсіндеу «Қозы»

**Мақсаты:**

1. **Білімділік:** Үй жануарлары жайлы білімдерін кеңейту.
2. **Дамытушылық:** Саусақ маторикаларын дамыту.
3. **Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Үй жануарларының суреті.

**Құрал — жабдықтар:** Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

**Сөздік жұмыс:** Мүсін, қиял, ойлау.

**Үш тілділік компоненті:** Қозы — ягненок - lamb

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
<b>Мотивациялық — қозғаушы</b>	<p><b>Ш.ш 06-04 « Б» №28</b></p> <p><b>Ғажайып сәті:</b> Есік тарсылы естіледі. Топқа қуыршақ Айгерім кіреді. — Сәлеметсіңдер ме, балалар! — Сендерді аналарың қалай еркелетеді?</p>	<p>Достарды біз қолдаймыз, Қиын шақта қолдаймыз. Біздің тота ұл — қыздар, Тату — тәтті ойнаймыз!</p> <p>Балалар қызығушылық танытады.</p> <p>— Сәлеметсіз бе? — Мені, анам құлыным — деп еркелетеді. — Мені, ботам — деп еркелетеді.</p>

<p><b>Іздену - барлау</b></p>	<p>— Көрдiңдер ме, балалар! Сендердi аналарың төрт түлiк малдың атымен еркелетедi екен.</p> <p>— Тағы қандай үй жануарларының аттарымен еркелетедi?</p> <p>«Төлiн тап» д.о.</p> <p>Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын Моп — момақан — өзi, сүп — сүйкiмдi — көзi, ол кiм?</p> <p>— Олай болса бiз сiздермен қозының мүсiнiң жасайық.</p> <p><b>Сергiту сәтi: 06-04- «Ә» № 1</b></p>	<p>— Ботам, қозым, лағым, құлыншағым.</p> <p>Балалар суретке қарап үй жануарларының төлдерiн айтады.</p> <p>— Балалар «қозы» екенiн айтады.</p> <p>Балалар тұзды қамырмен мүсiндi жасауға кiрiседi.</p> <p>Бiз кiшкентай баламыз, Өсiп — өнiп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз.</p>
<p><b>Рефлексивтi — қорытындылау</b></p>	<p>Айгерiм балалардан не жасағандарын сұрайды.</p> <p>Жұмыс соғында «өрiсте жайылып жүрген қошақандар» атты көрме ұйымдастыру. Рахмет, сендерге балалар! Ендi мен үй жануарлары туралы, олардың төлдерi туралы көп нәрсе бiлетiн болдым.</p> <p>Сау болыңдар! — деп кетедi.</p>	<p>Балалар өздерiнiң мүсiндерiн Айгерiмге берiп, мен, қозы жасадым — деп өз жасаған мүсiндерiнiң аттарын айтады.</p>

**Күтiлетiн нәтиже:**

**Бiлуi немесе хабардар болуы:** Тұзды қамырдың қасиеттерiн бiледi. Өз қиялдары арқылы мүсiндеуге үйренедi. Ойлау қабiлеттерiн дамытады.

**Қалыптасқан әдет:** Өз ойларын iске асыра алады.

**Истей алады:** Мүсiндей алады.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.